

Сот сараптамасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 3 ақпандағы № 34 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот медицинасы орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны оған "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығы" мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот медицинасы орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – кәсіпорын) болып қайта аталсын.

3. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі кәсіпорынға қатысты тиісті саланың уәкілетті органы болып;

2) арнаулы ғылыми білім құралдарымен қылмыстық, азаматтық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот сараптамасын жүргізу, сондай-ақ сот сараптамасы мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асыру кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне кәсіпорынның жарғысын бекітуге ұсынуды;

2) әділет органдарында кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2017 жылғы 3 ақпандағы

№ 34 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесінде "Министрлік" деген бөлімдегі 2-тармақ алып тасталсын;

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

1) 17-тармақ алып тасталсын;

2) мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны".

2. "Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

"11" бағанда:

"Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде " деген жолдағы "3577" деген сандар "2968" деген сандармен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде" деген жолдағы "710" деген сандар "101" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 1) жол алып тасталсын.

3. "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2015 ж., № 87-88, 631-құжат):

көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жолдың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

11)	Патологоанатомиялық бюрода (бөлімдерде, бөлімшелерде) жұмыс істегені үшін	БЛА-дан 60 %
-----	---	--------------

".
;

реттік нөмірі 3-жолдың 5) тармақшасы алып тасталсын;

реттік нөмірі 5-жолдың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

5)	Патологоанатомиялық бюролардың (бөлімшелердің) қызметкерлері: патологоанатом, оның ішінде балалар патологоанатомы	БЛА-дан 150 %	Мәйіттерді тікелей сараптаумен және мәйіт материалдарымен айналысатын мамандарға. Мәйіттерді тікелей ашумен айналысатын мамандарға
----	---	---------------	--

".
;

көрсетілген қаулыға 14-қосымшада:

14-қосымшаның атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сот сараптамалары орталығының қызметкерлеріне еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар";

реттік нөмірі 1-жолдың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

1)	Мәйіт материалдарымен, зиянды (улы) химиялық заттармен, дыбыс шығарушы аппаратпен, психикалық науқастармен, ультракүлгін сәуле көздері бар микроскоптармен, кернеулігі 30 кВт асатын электрондық микроскоптармен, сот-медициналық сараптамасын қоспағанда, сот сараптамаларын жүргізу кезінде дербес электрондық есептеу машиналарымен жұмыс істегені үшін		Бейіні бойынша жұмыс өтіліне байланысты : 2 жылға дейін – БЛА-дан 50 % ; 3 жылдан 5 жылға дейін – БЛА-дан 75 % ; 5 жылдан астам – БЛА-дан 100%
----	--	--	---

".
;

реттік нөмірі 1-жолдың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

2)	Сот-медициналық сараптаманы қоспағанда, сот сараптамасын жүргізгені үшін	жүргізілетін сараптамалардың күрделілігіне қарай БЛА-дан 100 %-ға дейін	Кәсіпорын басшысы белгілеген тәртіппен
----	--	---	--

".
;

реттік нөмірі 1-жол мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"

3)	Сот медицина бөлімшелеріндегі жұмысы үшін	БЛА-дан 60 %
----	---	-----------------

".
;

реттік нөмірі 2-жолдың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"

1)	сот медициналық сарапшыларын қоспағанда, сот сараптамаларының әр түрін жүргізу бойынша біліктілік куәлігі бар сарапшыларға	сараптаманың 2 түрі – БЛА-дан 50 %; сараптаманың 3-тен 5 түріне дейін – БЛА-дан 75 %; 5 түрден астам – БЛА-дан 100 %
----	--	--

".
;

реттік нөмірі 2-жол мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"

4)	Сот-психиатриялық сараптама бөлімдерінде (күзетпен ұсталатын адамдарға арналған) жұмыс істегені үшін	БЛА-дан 60%
----	--	----------------

".
;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-жолмен толықтырылсын:

"

4	Психоэмоциялық және дене жүктемесі үшін қосымша ақы		Қызметкерлердің лауазымдары мен мамандықтарының нақты тізбесі және олардың психоэмоциялық және дене жүктемесін айқындайтын өлшемдері осы қаулыға 21-қосымшаға сәйкес белгіленеді
	С о т сараптамалары орталығының қызметкерлері: сот-медициналық сарапшы	БЛА-дан 150 %	Мәйіттерді тікелей сараптау мен және мәйіт материалдары мен айналысатын мамандарға. Мәйіттерді тікелей ашумен айналысатын мамандарға.

".